# 2024-2025 оқу жылына арналған
# Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
## Құрастыру / жылдық

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ұшақ. | -құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету;<br>-ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту;<br>-өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу. | 1 | 24.09 |
| 2 | Жәндіктер. Жануарлар әлемі. | -табиғи материалдардын түрлерімен таныстыру және олардан жәндіктерді құрастыруды үйрету;<br>-кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттерін дамыту;<br>-киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білуге үйрету;<br>-қалдық заттармен жұмыс жасауда шығармашылық ойлауды дамыту;<br>-сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. | 1 | 22.10 |
| 3 | Орманды мекендеушілер. | -табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай білуге үйрету;<br>-табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту;<br>- ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | 1 | 26.11 |
| 4 | Ою- өрнектер. Киіз үй. | -сым темірден ою-өрнек құрастыра білуді үйрету;<br>- көрнекіліктерді қолдану және ойдан шығару, өзінің көз алдына елестету<br>арқылы жұмыс жасай білуді дамыту;<br>-киіз үй құрастыруда оның негізгі бөліктерін ажырата алу және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету;<br>-киіз үйдің бөліктерінің атауларымен таныстыру, оның адам | 1 | 24.12 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | өміріндегі маңызын түсіндіру, жасаған құрылысын талдай білу;<br>-құрастыру барысында өзара келісімге келуге, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. | | |
| 5 | Көліктер. | -құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыруға үйрету;<br>-бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру,олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту;<br>-берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу. | 1 | 29.01 |
| 6 | «Сиқырлы» қораптар. | -тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып жануарларды жасай білуге үйрету;<br>-қалдық заттарды, қораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасай білу, ой-қиялын дамыту;<br>-қалдық заттардан жасалған ойыншықтарды өздігінен безендіру және шығармашылықпен еңбек ету, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | 1 | 22.04 |
| 7 | Мысық. Күшіктер. | -қалдық материалдармен заттар құрастыра білуге үйрету;<br>-қалдық материалдарды мақсатты түрде пайдалана білуді бекіту;<br>-қағаздан цилиндр пішіндер жасау арқылы күшікті бейнелей білуге үйрету;<br>-қағазбен көлемді пішіндер жасауда композицияға біріктіру, ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-күшіктің ұсақ дене бөліктерін өздігінен толықтыру, күрделі емес композицияға біріктіру;<br>-шығармашылық қиялды дамыту, үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | 1 | 29.04 |
| 8 | Менің мектебім.<br>(Ұжымдық жұмыс) | -өз құрылысын талдай білуді бекіту, талдау негізінде құрылымдық шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлай білуге үйрету;<br>-құрылыс материалдарымен құрастыруда ұжымдық мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту; | 1 | 27.05 |
| | | Барлығы: 8 сағат | | |